

С. С. Түсіпбеков, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясындағы мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы

ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

Азаматтық қоғам — қоғамдық үрдістердің басты әрекет етуші тұлғасы және субъектісі болып өз сұраныстарының, мүдделері мен құндылықтарының бүкіл жүйесімен көрінетін қоғам ретінде түсініледі. Қоғам өз дамуының белгілі бір кезеңінде ғана азаматтық қоғамға айналады және елдің экономикалық, саяси дамуына, әл-ауқаттың, мәдениет пен халық сана-сезімінің өсуіне қарай қалыптасады. Азаматтық қоғамды қалыптастырудың аса маңызды алғышарты жеке тұлға ретінде адам мәнінің өсуі болып табылады. Азаматтық қоғам жоғары даму деңгейіне тек демократиялық саяси жүйе жағдайында ғана жетеді. Демократия жағдайында билік пен азаматтық қоғам арасындағы қатынас көпшілік келісімінің негізінде құрылады. Азаматтық қоғамдағы демократиялық ресімдер билік қызметінің сапасын бағалауға деген көпшілік құқығына және қоғам мүддесі тұрғысынан билікке ықпал ету тетіктеріне негізделеді. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның дамуы сонау КСРО заманынан басталған.

Азаматтық қоғамды дамыту құқықтық, демократиялық және әлеуметтік мемлекет құру үшін қажет. Әлеуметтік прогрестің, демократиялық дамудың, экономикалық өрлеудің қоғам тарапынан белсене қатысу болмаса, іске асуы қиынға соғады. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, көптеген салаларда әлеуметтік саясатты іске асырудан мемлекеттік басқару саласына дейін нақ осы қоғамдық қатысу үлкен тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Мемлекет пен қоғам қатынасының мәселелеріне жаңа көзқарас нақ осыған бағдарланған. Демек, осындай көзқарастың бейімделуі, заңнамалық, институттық, кадрлық және басқа базаларды талдап жасау, ол үшін бүгінде Қазақстанның саяси дамуының негізгі бір мақсаты болып табылады. Азаматтық қоғамның мемлекетпен қатынасындағы еркіндігін мойындамау, оның әлеуметтік құндылығын мойындамағандығы, яғни бұл жағдайдың қиындыққа тірелетіні сөзсіз. Кеңестік тоталитаризмнің агрессивтік анықтаушысы (қоғам мүдделерінің алдындағы таптық мүдделердің артықшылығы, таптық күрес, меншікті мемлекеттендіру, жеке адамдардың өзіндік бағалылығын есепке алмау және т. б.) арқылы азаматтық қоғамды мемлекетке сіңіру болды. Соның нәтижесінде, адам, жеке адам ретінде қабылданбады, табиғи бөлінбейтін құқық және еркіндіктің маңызы жойылды, себебі барлығы мемлекет арқылы жойылды. Адам тоталитарлық жағдайда өз еркімен өмір сүріп, ойын

айтуға, саяси көзқарастарын білдіруге құқығы болмады, соның салдарынан саясатсыз «бағынушыға» айналдырылды.

Әлемдік стандарттау жолына Қазақстан да бет бұрып, нарықтық экономиканы дамытуға кірісті. Кеңестік жүйенің жақсылығы да аз болған жоқ: 1920-60 жылдары экономиканың, мәдениеттің, қорғаныстың жетістіктері дүние жүзіне белгілі болды. Бірақ, Кеңес Одағының жетістіктерінен гөрі кемшіліктері басым болды, сондықтан да Одақ ыдырады. Барлық тәуелсіздік алған республикалар, соның ішінде, Қазақстанда реформаторлық процесс арқылы қоғамның саяси-экономикалық құрылысында көп өзгерістер болды. Қоғамдық ғалымдарда жаңаша ғылыми зерттеулер басталды.

Ішкі істер органдары өзіне жүктелген міндеттер шегінде, қоғамдық тәртіпті қорғау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бас бостандығынан айыру түріндегі жазалауды орындау және т. б. қызметтерді атқарумен мемлекет механизмінде ерекше орын алады. Осы мақсаттарды шешу үшін мемлекет оларды жұмыстың бекітілген қажетті әдістерімен, мәжбүрлеудің әр алуан құралдарымен, құқық бұзушыларға қатаң күш көрсете әрекет етумен тіпті атыс қаруы мен арнайы құралдар қолдануға дейінгі тәсілдермен ерекше мемлекеттік-биліктік өкілеттіктермен қамтамасыз етеді. Сондықтан аталған органдардың қызметі адамның өміріне қол сұғумен қабаттасады және де оның құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін шектеуге апарады. Осыған байланысты құқық қорғау органдары әрдайым қоғамның назарының ортасында болады, ал олардың қызметінің тиімділігі қоғамдық қолдаусыз және ішкі істер органдарының халықпен тығыз өзара іс-әрекетінсіз мүмкін емес. «Полиция» — азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, сонымен бірге заңмен белгіленген шекте, мәжбүрлеу нормаларын қолдануға құқық берілген қоғам мен мемлекеттің қылмыстық және өзге де құқыққа қайшы қол сұғудан мүддесін қорғауға жұмылдырылған атқарушы биліктің мемлекеттік органдар жүйесі.

Қазіргі уақытта әлемдегі көптеген мемлекеттердің алдында қауіпті сипатта етек алған ұлтшылдық, қылмыстың өсуі сияқты ерекше және көбінесе жаңа мәселелерді айқындап шешу тұр. Сондықтан жұртшылық мемлекеттік және әкімшілік мекемелердің жұмыс сапасы мен есеп беруіне жоғары талап қойып отыр.

Қоғамдық тәртіпті ұстануға және қылмыстарды ашу мен тергеуге және көмек қажет ететіндерге қолұшын беруге жауапты құқық қорғау органдары анағұрлым қиын мәселелермен бетпе-бет келді. Ішкі істер органдарының осы мәселелерге көзқарасы қоғамдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін шешуші фактор болып табылады.

Аталған даму үрдісінде аса күрделі міндеттерді орындауға халықтың көмегін тарту қажеттілігі туындайды, мысалы, «Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабында Қазақстан Республикасы полициясының маңызды принципі көрсетіледі — қоғамдық тәртіпті қорғау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөнінде халықпен өзара іс-қимыл жасайды.

Полиция алдында тұрған міндетті орындау үшін осы заңда және Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінде көзделген жағдайлар мен тәртіпте ТМД елдерінің, шетелдердің, халықаралық құқық қорғау органдарымен ынтымақтаса алады.

Қылмыстардың алдын алу және ашу мақсатында азаматтар Қазақстан Республикасының заңнамасындағы тәртіпте белгіленген полиция органдарымен құпия ынтымақтаса алады.

Полицияға жасырын көмек беретін және көмек берген азаматтар туралы мәлімет тек келісімін беру арқылы ғана айтылады. Осы азаматтардың жедел-іздістіру қызметіне қатысуына байланысты оларға қауіп төнген жағдайда полиция органдары олардың отбасыларының немесе жақын туыстарының өмірін, денсаулығын, ар-ожданын, абыройын және мүлкін қорғауға, қауіптің қайдан екенін анықтауға және кінәлілерді жауапкершілікке тартуға қажетті шаралар қолдануға міндетті. Азаматтарды полициямен ынтымақтастыққа мәжбүрлеп тартуға тыйым салынады.

Қоғамның көпшілік бұқара топтарына арқа сүйемей қандай да бір демократиялық мемлекетте заңдылықтың және әділдіктің жеңісін орнату мүмкін емес. Қазіргі полиция билік органдарының, жергілікті өзін-өзі басқарудың, халықтың ерікті жасақтарының, жастардың жедел отрядтарының, штаттан тыс қоғамдық қызметкерлердің және жалпы жұртшылықтың сенімін және қолдауын қажет етеді.

Қазіргі таңда дүниежүзілік бойынша полицейлік департаменттердің басым көпшілігі жұртшылықпен өзара іс-әрекеттестікте екі көзқарасты ұстанады:

1. Ішкі істер органдары мен азаматтардың арасындағы қоғамдық мәселенің кең шеңберін шешуге бағытталған байланыстың зор жүйесін орнату (қылмыстың деңгейінің төмендеуіне алып келеді);

2. Құқық қорғау қызметінің нақты мәселесін шешуге азаматтарды тарта отырып бағытталған, құқық қорғау органдарының жұртшылықпен өзара әрекеттесу мәселесіне көзқарас.

Осы көзқарастарды іске асыру кезіндегі бағыт-бағдар:

- ішкі істер органдары жұртшылықпен өзара іс-әрекеттестік орнатуға бастамашылық жасап, сонымен қатар құқық қорғау қызметінде құқық бұзушылық жасауға апаратын себептерді, адамдарды жақсы тани білуі қажет, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік мәселесі негізінде құрылады;

- халықпен жұмысты ұйымдастыра отырып, полицейлік департаменттер қоғамның қандай топтарымен және қандай бағытта құқық қорғау органдарымен жұмыс істеуге дайын екендіктерін білулері қажет және де оған ішкі істер органдарының өздері дайындықтарын көрсету керек;

- ішкі істер органдарына мемлекетпен кең өкілеттік берілгенін ескере отырып, олардың әрекеттеріне қоғамдық бақылау туралы мәселе өте өзекті болып тұр, әсіресе, ұстау, қамауға алу, тінту секілді мәселелер;

- қызметтік міндетті орындау барысында ішкі істер органдарының қызметкеріне жиі-жиі жеке сезімді елемеушілік, құштарлық, жан толғанысына бару керек. Себебі азаматтармен табысты ынтымақтасу үшін ол тиісті кәсіптілік пен тәжірибелікке ие болу керек.

Осыған орай, ішкі істер органдарының құрылымы өздері қызмет ететін қоғамның барлық тобына жеткілікті дәрежеде әсер беруі қажет. Сонымен, құқық қорғау органдарында тиісінше әділетті және кемсітушіліксіз кадрлық саясат жүргізілуі қажет. Осы топтың мүшелері жұмыс атқаратын мекемелерінде қызметтерін жоғарлатуға бағытталулары қажет. Полицияның қызметін жауапты жүзеге асыру қызметкерлерден қоғамның тұтынуларын білу және оларға зейін қоя білулерін талап етеді.

Құқық қорғау органдарының қызметіне қатысты қоғамның үміті мен тұтынуы сипатталады:

қылмыстың алдын алу және тергеу;

- қоғамдық тәртіпті ұстану.

Құқық қорғау органдарының әрбір басшысы қоғамның үміті мен тұтынуын түсінуге, кәсіби тәжірибені қолдануға және осының барлығын құқықтық тәртіпті ұстану бойынша қызметті жоспарлау кезінде ескеруге міндетті.

Полиция қызметінің есеп беруінің басқа тұрғысы бұл құқықтық тәртіпті қолдау бойынша қоғамның лауазымды тұлғалардың әрекетін бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін талап ету болып табылады.

Полиция қызметін жүзеге асырудағы есеп берушілік негізінде үш бағытта қамтамасыз етіледі:

- заңнама саласында, себебі заңның үстемдігі бар мемлекетте барлық азаматтар, мекемелер және ұйымдар, сондай-ақ полиция органдары заң алдында жауапкершілік артады;

саяси салада, себебі полиция қызмет жасайтын қоғамға, мемлекеттің демократиялық, саяси институттары арқылы есепті болады. Осыған орай, құқықтық тәртіпті қолдау аясындағы олардың саясаты мен тәжірибесі қоғам тарапынан қатаң бақылауда болады;

- экономикалық салада, себебі полиция органдарына бөлінген құралдар қалай қолданылатынына есеп береді. Бұл қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша басшылыққа, басқармаға және әкімшілікке демократиялық бақылаудың қосымша түрі болып табылады.

Сонымен қатар, тікелей жергілікті деңгейде де есеп беру нысандары болуы мүмкін, оның ішінде есептер:

полицияның учаскелік инспекторларының;

- белгілі бір уақыт ішінде атқарылған жұмыс туралы ішкі істер органдарының басшыларының;

- полиция қызметкерлерінің халықпен кездесуі және т. б.

Есеп берудің осындай түрі құралдың бір түрі болып саналады, полиция сол арқылы азаматтардың мұқтаждықтары туралы біле алады және дер кезінде оларға зейін қоя алады.

Қорытындылай келе:

біріншіден, құқық қорғау органдарының қызметі демократизм принципінде, қоғамның сұранысымен және онымен серіктестік қатынас негізінде құрылуы қажет;

екіншіден, құқықтық тәртіпті қолдау бойынша қызметті жүзеге асырудың демократиялық сипаты әрқашан заңды құрметтеу, адамзаттың абыройын қадірлеу және сонымен бірге жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеумен байланысты болады;

үшіншіден, құқықтық тәртіпті қорғаудағы әрбір орган жалпы қоғам мүддесінен шығуы қажет және оның алдында жауапкершілікте болып, оған есепті болуы қажет;

төртіншіден, ішкі істер органдары жұртшылықпен өзара іс-әрекеттестік орнатуға бастамашылық жасауы қажет, өйткені құқық қорғау қызметі құқық бұзушылық жасауға апаратын себептерді, адамдарды жақсы білуі қажет, сонымен бірге қоғамның әлеуметтік мәселесі негізінде құрылады.

ХАБАРШЫ-ВЕСТНИК КАРАГАНДИНСКОЙ АКАДЕМИИ МВД РК

Резюме

В статье рассмотрены вопросы и некоторые проблемные моменты взаимодействия институтов гражданского общества с органами внутренних дел в Республике Казахстан. Анализируется исторический опыт функционирования гражданского общества в нашем государстве и выделяются возможные перспективы его дальнейшей эволюции.

Resume

In the given article the author studies administrative law relations' participants and objects by studying the ideas of scientists who researched law relations and its structures.